



Автор: Бектурганова Аийда Сапархановна

Пән: Алгебра

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Қысқаша көбейту формулалары

Тақырып: Екі өрнектің қосындысы мен айырымының формулалары

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.2.1.10 $(a \pm b)^2 = a^2 \pm 2ab + b^2$ қысқаша көбейту формулаларын білу және қолдану;
Сабақтың мақсаты:	$(a \pm b)^2 = a^2 \pm 2ab + b^2$ екі өрнектің қосындысы мен айырмасының квадраты формулаларын өздігінен дәлелдеу білігін мен дағдыларын қалыптастыру, формулаларды дұрыс оқу білу және олардың компоненттерін атау. Алынған формулаларды өрнектерді түрлендіруге қолдану.
Тілдік мақсаттар:	1Оқушылар: □ қысқаша көбейту формулаларын ауызша тұжырымдай біледі; □ ауызша тұжырымдалған қысқаша көбейту формулаларын жаза біледі; □ қысқаша көбейту формулаларына байланысты тапсырмалар орындалуын сәйкес терминология қолдану арқылы түсіндіреді. Лексика және терминология □ қысқаша көбейту формулары; □ екі өрнектің квадраттарының айырмасы; □ екі өрнектің қосындысының квадраты; □ екі еселенген көбейтінді; □ үш еселенген көбейтінді;
Күтілетін нәтиже:	1Оқушылар: □ Қысқаша көбейту формулаларын біледі және қолдана алады; - Қысқаша көбейту формулаларын шығарады; - Қысқаша көбейту формулаларын өрнектерді көбейткіштерге жіктеу кезінде қолдана алады;
Бағалау критерийлері:	1Оқушылар: □ Қысқаша көбейту формулаларын біледі және қолдана алады; - Қысқаша көбейту формулаларын шығарады; - Қысқаша көбейту формулаларын өрнектерді көбейткіштерге жіктеу кезінде қолдана алады;
Құндылықтарды дарыту:	1Құндылықтар: Оқушыларға есептерді шығару үшін шығармашыл болу керек, талап қоя білуі, жұппен жұмыста қолдау көрсете алуы керек. Жұппен жұмыста оқушылар әріптесіне қарап, идеяларымен бөлісіп және талқылауға қатысып, жауапты болуға үйренеді. - Оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы; - Құрмет: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	1Интербелсенді тақтаны қолдану
Пәнаралық байланыс:	1Геометрия, қазақ әдебиеті
Бастапқы білім:	1Бірмүшелер және көпмүшелермен амалдар орындай алу.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы	11.Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен сәлемдесіп, түгендеп, топқа бөліп (квадраттар, формулалар, өрнектер деген үш топқа бөлемін), зейінін жинақтап, сабаққа ынтасын аудару. 2.«Ой қозғау» (ауызша) - Бірмүше және көпмүше дегеніміз не? - Бірмүшені көпмүшеге қалай көбейтеміз? - Көпмүшені көпмүшеге қалай көбейтеміз? - Екі өрнектің квадраттарының айырымы және оның формуласы? Бағалау: мақтау Бағалау парақшасын таратып, қалай бағалау керектігін түсіндіремін. 3. Үй тапсырмасын тексеру: Оқушылар сағат тілі бағытымен дәптерлерін алмасып, тақтадағы дұрыс жауаппен бір-бірін тексереді; №31.14 Көбейтуді орындаңдар: $(0,2a-1,3b)(0,2a+1,3b)=0,04a^2-1,69b^2$ $(a^5-b^2)(a^5+b^2)=a^{10}-b^4$ Дескриптор: Екі өрнектің квадраттарының айырымының формуласын қолданады; Көбейтіндіні көпмүше түрінде жазады. №31.1 Көпмүшені көбейтінді түрінде жазыңдар: $m^2-n^2-m+n=(m^2-n^2)-(m-n)=(m-n)(m+n)-(m-n)=(m-n)(m+n-1)$ 2) $x^3+3x^2-4x-12=(x^3+3x^2)-(4x+12)=x^2(x+3)-4(x+3)=(x+3)(x^2-4)=(x+3)(x-2)(x+2)$ Дескриптор: Топтастыру тәсілін қолданады; Екі өрнектің квадраттарының айырымының формуласын қолданады; - Ортақ көбейткішті жақша сыртына шығарады, көпмүшені көбейткіштерге жітейді; Бағалау: +, -	Сандар жазылған қима қағаздар Жұмыс дәптерлері Оқулық
Сабақтың ортасы	11. Жаңа тақырыпты меңгеру. Бағалау: Конфеттермен бағалаймын. Бағалау: Жұптар бі-бірін бағалайды. Логикалық тапсырма • Емен ағашында 6 бұтақ бар, әр бұтақта 5 алмадан. Емен ағашында барлығы неше алма бар? Жауабы: Емен ағашында алма өспейді • Мектепке келе жатқан 5 балаға қарсы жолда тағы 4 бала жолықты. Мектепке неше бала барды? Жауабы: Мектепке 5 бала барды • Арман, Аян, Аслан ағайынды үшеуі әр сыныпта оқиды. Аслан Арманнан, ал Аян Асланнан кіші емес. Бұл үйдің үлкені, ортаншысы, кішісі кім? Жауабы: ең үлкені Аян, ең кішісі Арман, ортаншысы Аслан Бағалау: Жарайсыңдар, жақсы деп ауыша бағалаймын. Бағалау: «Бағдаршам» әдісі арқылы бағалаймын.	1 Платка, маркер, қосымша тапсырмалар Жеке жұмыс Жұптық жұмыс Семантикалық карта Суреттер Логикалық тапсырмалар Топтық жұмыс
Сабақтың соңы	Үйге тапсырма: №32.2(1,3,5,7), №32.3(1,3) Ережелер мен формуланы жаттау.	1 Оқулық
Рефлексия	1Рефлексия	